

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 сәуір N 501

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф 22-3/5, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000003, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-І-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 13, 1996 жылғы 20 қарашадағы N 0000019 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1,2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында, материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті банкроттық рәсімін жүргізуге дейінгі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде заңмен белгіленген тәртіппен шаралар қолданын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде жұмыстар жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті мен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты алынған мемлекеттік бюджеттік

қаражаттарды қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы  
29 сәуірдегі  
N 501 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес

сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің  
Сомасы

| Заемшы<br>ұйым        | Төлем<br>валютасы | Төлем<br>уақыты | Төлем<br>сомасы |
|-----------------------|-------------------|-----------------|-----------------|
| Германия несие желісі |                   |                 |                 |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM                | 26.06.98 ж.     | 16 373, 96      |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM                | 01.08.98 ж.     | 634,01          |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM                | 01.02.99 ж.     | 673 982,90      |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM                | 26.06.98 ж.     | 17 679, 27      |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM                | 02.11.98 ж.     | 9 054,58        |

Жапония несие желісі

|                |     |             |           |
|----------------|-----|-------------|-----------|
| Қарметкомбинат | JPY | 03.11.98 ж. | 921,00    |
| Барлығы:       | JPY |             | 921,00    |
|                | DM  |             | 717724,72 |

таблицаның жалғасы

| Негізгі<br>борыш | Проценттер | Басқалары  |
|------------------|------------|------------|
| 0,00             | 0,00       | 16 373, 96 |
| 0,00             | 634,01     | 0,00       |
| 562 110,08       | 111 872,82 | 0,00       |
| 0,00             | 0,00       | 17 679,27  |
| 0,00             | 0,00       | 9 054,58   |
| 0,00             | 0,00       | 921,00     |
| 0,00             | 0,00       | 921,00     |
| 562 110,08       | 112 506,83 | 43 107,81  |

Үкіметінің 1999 жылғы  
29 сәуірдегі  
N 501 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес  
сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдерді өтеу  
Сомасы

| Заемшы<br>ұйым | Төлем<br>валютасы | Төлем<br>уақыты | Төлем<br>сомасы |
|----------------|-------------------|-----------------|-----------------|
|----------------|-------------------|-----------------|-----------------|

Франция несие желісі

|            |     |             |              |
|------------|-----|-------------|--------------|
| "Батыс" АК | FRF | 06.04.99 ж. | 2 150 788,37 |
|------------|-----|-------------|--------------|

Израил несие желісі

|                 |     |             |              |
|-----------------|-----|-------------|--------------|
| "Конденсат" АБК | USD | 01.05.99 ж. | 1 215 530,56 |
|-----------------|-----|-------------|--------------|

Жапония несие желісі

|                |     |             |                |
|----------------|-----|-------------|----------------|
| Қарметкомбинат | JPY | 03.05.99 ж. | 322 175 425,00 |
|----------------|-----|-------------|----------------|

Канада несие желісі

|                 |     |             |              |
|-----------------|-----|-------------|--------------|
| "Конденсат" АБК | USD | 15.05.99 ж. | 1 788 704,06 |
|                 |     |             |              |
|                 |     |             |              |
|                 |     |             |              |

Барлығы: | FRF | | 2 150 788,37 |

|  |     |                |  |
|--|-----|----------------|--|
|  |     |                |  |
|  | USD | 3 004 234,62   |  |
|  |     |                |  |
|  | JPY | 322 175 425,00 |  |
|  |     |                |  |

таблицаның жалғасы

| Негізгі<br>борыш | Проценттер    | Басқалары |
|------------------|---------------|-----------|
|                  |               |           |
| 0,00             | 2 131 780,63  | 19 007,74 |
|                  |               |           |
| 962 500,00       | 253 030,56    | 0,00      |
|                  |               |           |
| 285 313 185,00   | 36 862 240,00 | 0,00      |
|                  |               |           |
| 1 291 666,63     | 489 756,95    | 7280,48   |
|                  |               |           |
|                  |               |           |
|                  |               |           |
| 0,00             | 2 131 780,63  | 19 007,74 |
|                  |               |           |
| 2 254 166,63     | 742 787,51    | 7280,48   |
|                  |               |           |
| 285 313 185,00   | 36 862 240,00 | 0,00      |
|                  |               |           |

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК